

Қызылорда облысының Білім басқармасының  
Қазалы ауданының білім болімінің  
№ 11 «Балалан» оболыжай-балабақшасы  
коммуналдық мемлекеттік мектептердің жоспарының  
менеджерінің А.Еришова



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку  
жоспары және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың  
үлгілік оку бағдарламасы негізінде 2022-2023 оку  
жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жоспары

## №2 «Ақбота» ересек тобы

Топ тәрбиешілері: Аблаева В.  
Исатаева Ж.

**Кызылорда облысының Білім басқармасының  
Қазалы ауданындағы білім бөлімінің  
№ 11 «Балатай» балабақшы-балабақшасы  
коммуналдық мемлекеттік мәдениет жаһаның кәсіпорының  
менштерушісі *А.Еришова***



# Күн тәртібі

## «Ақбота» ересек тобы

### 2022-2023 оку жылы

Күн тәртібі		Уақыты
Балаларды қабылдау		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		08.00 – 09.00
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітапқар қарау және т.б әрекеттер)		
Таңертенгілік жаттығу		09.00-09.10
Таңғы ас		09.10-09.30
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		
Серуенге дайындық		11.30-12.30
«Табиғат аясында». Серуен		
Серуеннан оралу		
Түскі ас		12.30-13.00
Түскі үйқы		13.00-15.10
Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары.		15.10-15.30
Бесін ас		15.30-15.50
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітапқар қарау және т.б әрекеттер)		
Кешкі ас		16.40-16.50
Серуенге дайындық		16.50-17.00
Серуен		17.00-18.00
Балалардың уйге қайтуы		18.00-18.30

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру үйімі МКҚК №11 «Балапан» балабақшасы**

**Топ «Ақбота» ересек тобы**

**Балалардың жасы 4- жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы қыркүйек айы**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүтіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, енкею, шалқау; алға енкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұска көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұгу.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.</p> <p>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дene жаттығуларын орындау.</p> <p>Спорттық ойын элементтері:</p> <p>1) кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лактыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызын дыбыстарды анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану.</p> <p>Сөздік кор.</p> <p>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту.</p> <p>Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру</p> <p>байланыстырып сөйлеу;</p>

Көркем әдебиет	Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табигат, қоршаган орта оқигалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының әрекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алууды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.
Математика негіздері	Жиын: 1) әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру; 2) заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жүптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.
Коршаган ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: 1) баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кенейту. Өзін-өзі тануға ұмтылышын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; 2) балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атая дағдыларын қалыптастыру.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парагын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Қағаз парагын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. Әртүрлі бағыттағы тұра сызықтар мен олардың қылышының жүргізе білуді үйрету.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалышқытың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: - түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу.
Жапсыру	Заттық жапсыру: 1) қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиуды үйрету.

Mузыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту;      Өн айту.</p> <p>-әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенде дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>-би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Билер. Ойындар, хороводтар.</p>
--------	--

**Білім беру ұйымы МКҚК №102 «Балапан» балабақшасы**

**Топ «Ақбота» ересек тобы**

**Балалардың жасы 4- жас**

**Жоспардың күрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы қазан айы**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі кимылдар:</p> <p>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ кимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-тендікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Кимылды ойындар</p> <p>Кимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p> <p>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөйлеу қарқының өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді менгерту үшін тақпактар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.</p> <p>Сөздік көр.</p> <p>Баланың сөздік көрін айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p>
Көркем әдебиет	Тындалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауга, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырылған танытуға баулу.
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p>
Математика негіздері	Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.
Коршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай

	<p>білуді жетілдіру.</p> <p>Коршаган орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін көнектізу.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p> <p>Өлі табигат құбылыстары мен заттары.</p> <p>Табигат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) көнектізу.</p>
Құрастыру	<p>Құрылым материалдарынан құрастыру.</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылым бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша тандау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылым бөлшектерінің көзістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылымспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>«Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу.</p> <p>Мүсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p>
Жапсыру	<p>Заттық жапсыру:</p> <p>Текшеден дәңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиуда қолдану.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау.</p> <p>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тындалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеген, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (акырын, қатты, баяу, жылдам).</p> <p>Ән айтту.</p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуда үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Билер.</p> <p>Женіл, ыргақпен қозғалу; жүппен би қимылдарын орындау.</p>

**Білім беру үйымы МҚҚҚ №11 «Балапан» балабақшасы**

**Топ «Ақбота» ересек тобы**

**Балалардың жасы 4- жас**

**Жоспардың күрылу кезеңі 2022-2023 оку жылы қараша айы**

Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жұгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жұгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жұгіру. Түрлі тапсырмаларды орындаі отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жұгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жұгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жұгіру;</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру</p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханага барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Қимылды ойындар</p> <p>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p> <p>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сактауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажыратадағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p>
Көркем әдебиет	<p>1. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырылған таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сактауға, автор сөздерін айтуда, кейіпкерлердің мінезін беру</p>
Казак тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алушы, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p>
Математика негіздері	<p>Сан, санау</p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алғыш</p>

	<p>тастай арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тұра және кері санауга жаттықтыру.</p>
Коршаган ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажыратада білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Еңбекке баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлыштарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (сүйк, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну.</p>
Құрастыру	<p>Құрылым материалдарынан құрастыру Құрылым бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сактау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылым жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылышты талдау.</p>
Сурет салу	<p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>
Мүсіндеу	<p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бүйімді безендіруге ынталандыру.</p>
Жапсыру	<p>Тар жолақтарды көлденеңін қиоды, шаршының бұрыштарын қиоды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, ғұлдер және т.б. пішінін қио және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазактың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тындау.</p>

	<p>Ән айту.</p> <p>Қысқа музикалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музиканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p>
--	--

**Білім беру ұйымы МҚҚҚ №11 «Балапан» балабақшасы**

**Топ/сынып «Ақбота» ересек тобы**

**Балалардың жасы 4- жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Еңбектеу, өрмелуеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқаның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелуеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру</p> <p>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, кутуге болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор.</p> <p>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> <p>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.</p>
Көркем әдебиет	<p>Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>
Қазақ тілі	Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаشتар, тақпақтар жаттату, жұмбактар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу
Математика негіздері	Шама Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру.

Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажыраты білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан</p> <p>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауга тәрбиелеу.</p>
Құрастыру	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертүрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (кубі, мес, келі, тостаған, ожау, астай, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.</p>
Сурет салу	<p>Дәңгелек, сопак, шаршы, үшбұрыш пішіндегі казак оюоларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстаяға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p>
Мұсіндеу	<p>Мұсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.</p> <p>Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
Жапсыру	<p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>
Музика	<p>Музикалық-ырғақты қимылдар</p> <p>Би қимылдарын, ойындағы музикалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай женіл, ырғақты жүгіру.</p> <p>Билер</p> <p>Әуенниң көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.</p>

**Білім беру үйымы МКҚҚ №11 «Балапан» балабақшасы**

**Топ/сынып «Ақбота» ересек тобы**

**Балалардың жасы 4- жас**

**Жоспардың күрылу кезеңі 2023 оку жылы қантар айы**

Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып, кос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, онға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (он және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сзықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктікten секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру;</p> <p>Спорттық жаттығулар</p> <p>Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру</p> <p>«Денсаулық-зор байлық» сезінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сұық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздік қор.</p> <p>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.</p> <p>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (оыйнышқтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жинақ) байланыстыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Шешендейкке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойыншаәңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауга, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Шама</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p>

Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Енбекке баулу.</p> <p>Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты карауга баулу.</p> <p>Жолда журу ережелері</p> <p>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын көңейту.</p>
Құрастыру	<p>Табиги, қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Табиги (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қакпақтың түрлері, пластик, қоралтар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиги материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>
Сурет салу	<p>Балалардың ғұлдер, қоршаған заттар мен табигат объектілерінің түстері мен ренктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл ренктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген үмтىлышты қолдау.</p>
Мұсіндеу	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу. Дайын мұсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, ұшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.</p> <p>Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бүйімді безендіруге ынталандыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
Жапсыру	<p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Музыка	<p>Музыкалық-ырғақты қимылдар</p> <p>Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және женіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.</p> <p>Билер</p> <p>Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Женіл, ырғақпен қозғалу; жүппен би қимылдарын орындау.</p>

**Білім беру ұйымы МҚҚҚ №102 «Балапан» балабақшасы**

**Топ/сынып «Ақбота» ересек тобы**

**Балалардың жасы 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оку жылы ақпан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ақпан	Дене шынықтыру  Спорттық жаттығулар  Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру  Дене белсенділігі (танертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.	Лактыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лактыру (3,5–6,5 м кем емес), он және сол қолымен көлденен қойылған нысанага (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанага лактыру; допты бір-біріне төмennен және бастан асыра лактыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лактыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лактыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет);  Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; онға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшак ұстая және жақын тұру.  Спорттық жаттығулар  Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру  Дене белсенділігі (танертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор.  Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, он, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.

	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
	Қазақ тілі	Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырылық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдірге баулу
	Математика негіздері	Геометриялық фигурандар Балаларды геометриялық фигурандарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көрү және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кендеу-тарлау, жогары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы бойынша тең).
	Көршаган оргамен таныстыру	Еңбекке баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқышты қарауға тәрбиелу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Жолда жүру ережелері Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сактауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау және т.б.) өзін дұрыс ұстауға үйрету. Менің Отаным – Қазақстан Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.
	Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Шығармашылық киялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдалап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелу. Қауіпсіздік ережелелерін сактау.
	Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.

	<p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазак халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>
Мұсіндеу	<p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мұсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаган өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
Жапсыру	<p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіруге дағдыларын дамыту.</p>
Музыка	<p>Музыкалық-ыргакты қимылдар Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ыргағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Билер Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шенбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.</p>

**Білім беру ұйымы МКҚК №11 «Балапан» балабақшасы**

**Топ «Ақбота» ересек тобы**

**Балалардың жасы 4- жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 2023 оқу жылы наурыз айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
наурыз	Дене шынықтыру	<p>Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белгे қойып, онға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Онға, солға еңкею, шалқау. Тұрган қалыпта екі аяқ бірге (алшак), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшына көтерілу және түру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белгे қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұгу, алға созу, кайтадан бұгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.</p> <p>Дербес қымыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозгалатын ойыншықтармен, күрсаулармен ойындарын қолдау, дene шынықтыру құралдарын, спорттық және қымылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қымылды ойындарға катысуға тарту.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).</p>
	Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тындау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сактауға, автор сөздерін айтуда, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>
	Қазақ тілі	<p>Тындалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.</p>

Математика негіздері	<p>Кеңістікті бағдарлау</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Өсімдіктер әлемі</p> <p>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қосыту, суару, жапырақтардың шаңын сұрту) туралы түсінікті дамыту.</p> <p>Бакылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман-бақша), гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман).</p> <p>Бөлме өсімдіктеріне және табигат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табигатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
Құрастыру	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру.</p> <p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдал, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.</p>
Сурет салу	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашиқ түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>
Мұсіндеу	<p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p> <p>Мұсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бүйімді безендіруге ынталандыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>

	Жапсыру	<p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиоға немесе өзбетінше ойдан қып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық киялды дамыту.</p> <p>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
	Музыка	<p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау</p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмактармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p>Билер</p> <p>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратада білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p>

## **Білім беру ұйымы МКҚК №11 «Балапан» балабақшасы**

### **Топ «Ақбота» ересек тобы**

#### **Балалардың жасы 4- жас**

#### **Жоспардың құрылу кезеңі 2023 оқу жылы сәуір айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	<p>Кеудеге арналған жаттығулар Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғы және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғы және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқаның ұстінен бір қырымен жұру. Турегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бұгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p>
сәуір	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттең, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p> <p>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жана шынықтыру, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сактауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>

Қазақ тілі	Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратабілуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктері (танертен, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бұгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын көңейту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі Төрт түлік және оның төлдері (міnezіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің енбегі туралы ұғымдарын көңейту. Жабайы андар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоныздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоныздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоныздар, инеліктер, құстардың көбеюінсалыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парагын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеу, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сактау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстремен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін көңейту.
Мұсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мұсіндеу, әртүрлі пішіндегі

		таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.
Жапсыру		Тар жолақтарды көлденеңінен қиоды, шаршының бұрыштарын қиоды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қио және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
Музыка		Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ыргақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер Өуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билerde ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

**Білім беру үйымы МҚҚҚ №11 «Балапан» балабақшасы**

**Топ/сынып «Ақбота» ересек тобы**

**Балалардың жасы 4- жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 2023 оқу жылы мамыр айы**

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	Дене шынықтыру	<p>Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.</p> <p>Жүзу. Суга тұсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сұртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамактанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндөрі шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауга ынғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p> <p>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөніл-салмақты) ынталандыру.</p>
	Қазақтілі	<p>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуғе, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және қурдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.</p>

	<p>Математика негіздері</p> <p>Геометриялық фигурандар Балаларды геометриялық фигурандарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кендеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы бойынша тен).</p> <p>Кеңістік бағдарлау Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, онға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.</p> <p>Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық өрекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын көңейту.</p> <p>Өткенді қайталау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Мениң Отаным – Қазақстан Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскери туралы ұғымдарын көңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.</p> <p>Өлі табигат құбылыстары мен заттары Табигат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршак, кемпірқосақ, боран және т.б.) көңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстаниң түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсақ), қыстал қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын көңейту. Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін сақтау. Өткенді қайталау.</p>
Құрастыру	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бүйімдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бүйімдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (құбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, дірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдал, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>

	Ұқыптылықта тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. Өткенді қайталау.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатыннасын беру. Өткенді қайталау.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сиякты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету. Өткенді қайталау.
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Тұзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды киоды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қысп алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиода қолдану. Өткенді қайталау.
Музыка	Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алушы дамыту. Әуенде таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Билер Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Өткенді қайталау.